

Қозыбақова Ф.А.<sup>1</sup> Джолдыбаева У.М.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультеті,  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры м.а., т.ғ.к.

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультеті  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, т.ғ.к.

## ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

*Аңдатпа*

Мақалада Ш. Уәлихановтың ғылыми көкжиегінің кеңдігі, сан-салалы білімі, жемісті ой-тұжырымдары бізге жеткен еңбектері арқылы зерделеніп қарастырылады. Бүгінгі зерттеушілерді Ш.Уәлихановтың еңбектеріндегі деректік материалдардың молынан қамтылуы, қаралатын мәселелер аясының кеңдігі, көптеген шешімдердің негізділігі мен дерек көздерінің біркелкілігі қызықтырады. Сонымен қатар түркі халықтарының шығу тегі, тіл туыстығы, тарихи тағдырларының ортақтығы сынды маңызды мәселелермен қатар ғалымның Орталық Азиядағы түркі әлемінің бірлігі идеясын өзі жазған зерттеулерінен көре аламыз. Ш.Уәлихановтың еңбектерінен оның өзінің түркілік рухын өзгертпей ұстанғанын байқаймыз, сондай-ақ, түркі халықтарының белді өкілі ретінде қазақтың халықтық дәстүрлері мен аңыз-әңгімелерін, ең қасіретті кезеңдерін кең көлемде және терең зерттеуге бағытталған ғылыми еңбектер екендігіне көз жеткіземіз.

**Тірек сөздер:** Орта Азия, Қазақстан, Сібір, Шығыс Түркістан, этнография, энциклопедия, демократ, фольклоршы.

*Kozybakova F.A.<sup>1</sup> Dzholdybaeva U.M.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> Kazakh National University Al-Farabi, Department of History, Archeology and Ethnology, acting Professor, Department of History of Kazakhstan, Candidate of Historical Sciences

<sup>2</sup> Kazakh National University Al-Farabi, Department of History, Archeology and Ethnology, acting Professor, Department of History of Kazakhstan, Candidate of Historical Sciences

## THE FORMATION OF EDUCATIONAL IDEAS AND DEMOCRATIC VIEWS VALIKHANOV CH.

*Abstract*

Presently modern researchers show enormous interest in the study of researches of Valikhanov Ch the breadth of scientific horizon, all-round education, open up In the article, the fruitful conclusions of through Valikhanov Ch his labours reaching to our days. Also the general historical fates of turkic people are examined in labours of scientist, unity of turkish language people inhabiting Central Asia: cognation of languages, tradition, customs and ceremonies, legends and stories of the Kazakh people. Researchers are attracted by the abundance of documentary material, homogeneity and validity of sources in historical and ethnographic labours of great scientist.

**Keywords:** Central Asia, Kazakh, Siberia, East Turkistan, ethnography, encyclopaedia, democrat, specialist in folklore.

*Козыбақова Ф.А. Джолдыбаева У.М.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, факультет истории, археологии и этнологии, и.о. профессор кафедры «История Казахстана», кандидат исторических наук

<sup>2</sup> Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, факультет истории, археологии и этнологии, и.о. профессор кафедры «История Казахстана», кандидат исторических наук.

## ФОРМИРОВАНИЕ ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИХ ИДЕЙ И

## ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО МИРОВОЗЗРЕНИЯ Ч.ВАЛИХАНОВА

### *Аннотация*

В настоящее время современные исследователи проявляют огромный интерес к изучению исследований Ч.Валиханова. В статье раскрываются широта научного горизонта, всестороннее образование, плодотворные выводы Ч.Валиханова через его труды дошедшие до наших дней. Также в трудах ученого рассматриваются общие исторические судьбы тюркских народов, единение тюркоязычных народов населяющих Среднюю Азию: родство языков, традиции, обычаи и обряды, легенды и рассказы казахского народа. Исследователей привлекает изобилие документального материала, однородность и обоснованность источников в исторических и этнографических трудах великого ученого.

**Ключевые слова:** Средняя Азия, Казахстан, Сибирь, Восточный Туркестан, этнография, энциклопедия, демократ, фольклорист.

Халқымыздың дана перзенттері біртұтас бір тарихи кезеңдегі халықтың мәдени өлшеміне, рухани биігіне айналып отырған. Сондай даналардың бірі - өткен ғасырда өмір сүрген, кейінгі ұрпаққа рухани-элеуметтік мұра қалдырған, әлем мойындаған дана ғалым, қазақ халқының біртуар ұлы - Шоқан Уәлиханов. 2020 жылдың қараша айында халқымыздың тарихи болмысының биігінде мәңгілікке жарқырап тұрған жұлдыз Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың (1835-1865) туғанына 185 жыл толады. Ш.Уәлихановтың шығармашылығы көзі тірісінде-ақ әлемге танылып, бүгінгі күнге дейін ғылыми құндылығын жойған жоқ. Ш.Уәлиханов әлемдік ғылымға қомақты үлес қосқан алғашқы қазақ ғалымы. Оның еңбектерінен қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдарының зерттеушілері мол әрі маңызды деректер алып келеді.

Шоқан Уәлиханов - ұлы ағартушы, демократ, қазақтың ғұлама ғалымы, шығыстанушы, географ, тарихшы, этнограф, фольклорист. Ол өзінің асқан талантымен, білімпаздығымен, көпқырлы ғылыми білгірлігімен және интеллектуалдық тереңдігімен орыстың зиялы қауымын ғана емес, сонымен қатар Еуропа мәдениетін таңдай қақтырып, тәнті етті. Өзінің қысқа ғұмырының ішінде ғалым Орталық Азияның, Қазақстанның, Оңтүстік Сібір және Шығыс Түркістанның тарихы мен географиясын, мәдениеті мен экономикасын, фольклоры мен этнография салаларын терең ғылыми зерттеулерімен толықтырды.

Бұл мақаланың арқауы болған ғалым Ш.Уәлихановтың Қашқарға сапары: «Марко Поло (XIII ғ.) заманынан кейін Орталық Азияның зерттелмеген түкпірін Еуропалық ғылыми қауымдастыққа таныстырып жан-жақты ғылыми сипаттама берген алғашқы ғылыми ерлік болды» - деген Б.Е.Көмековтің пікірмен нақтылай аламыз [1].

Мәселенің теориялық-методологиялық негізіне XIX ғасырдағы тарихи үдерістермен қатар Ресей әкімшілігінің самодержавиелік саясатын Ш.Уәлихановтың өз халқының тағдыры жайындағы ұстанымы, көзқарастары жатқызылатыны анық.

Ш. Уәлихановтың ата-бабалары байырғы сұлтандар әулетіне жатады. Ш.Уәлиханов тегін туған атасы Уәли есімінен алған. Шоқанның әкесі, Абылай ханның немересі Шыңғыс Уәлиев 1811 жылы Қызылағашта дүниеге келген. Уәлихан қайтыс болғаннан кейін отбасына Уәлиханның жесірі Шоқанның әжесі Айғаным (1783-1853) бас болады. Айғаным ақылды, көреген, өзінің заманына сай білімді әйел болғаны белгілі. Айғаным орысша білім алудың маңызын жақсы түсініп, ол Шоқанның әкесі Шыңғысты 1827 жылы Сібірдегі шептік казактардың әскери училищесіне оқуға береді. Шыңғыс жеті жылдық білім алғаннан кейін училищеден жеткілікті дәрежеде ғылым, әдебиет және өнерден хабардар болып, тарих пен географиядан, өз елінің статистикасынан терең мағлұмат алып шықты. Ол орыс тілін жетік меңгерген алғашқы казактардың бірі болды. Әскери училищені бітірген жылы 23 жасында жаңа құрылған Аманқарағай округіне аға сұлтан болып тағайындалады, оған майор, кейіннен полковник шені беріледі. 1834 жылы Шыңғыс Аманқарағайға келгеннен кейін дәстүр бойынша атастырып қойған қалыңдығы Зейнеп Шормановаға үйленеді.

1835 жылдың қараша айында Шоқан Уәлиханов Құсмұрын бекінісінде дүниеге келген. Оны белгілі ғалым, саяхатшы П.Семенов Тянь-Шаньский: «Шоқанның әжесі, Уәлиханның жесірі Айғаным ғана өзінің балаларымен бірге Ресейге адал болып қалды. Александр I Уәли ханның жесіріне үлкен ілтипат көрсетіп, Қырғыз даласында оған арнап үй салдыруға әмір еткен. Шоқан Уәлиханов сол үйде туған» - деп жазды өз еңбегінде [2].

Шоқан балалық шағын ата-бабаларының мекені болған Сырымбетте өткізді. Бала Шоқанның рухани жағынан қалыптасуына әжесі Айғаным зор ықпал еткен. Тумысынан сезімтал әрі дарынды

балаға әжесі білім мен халық даналығының сарқылмас көзі бола білді. Ол Шоқанның бойына қазақтың ежелгі аңыздары мен хикаяларын, халықтың озық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сіңіргені мәлім. Шоқан әуелі Құсмұрындағы жеке қазақ мектебінде оқыды. Мұнда ол арабша хат танып қыпшақ және шағатай тілдеріндегі ортағасырлық әдеби мұраларды оқумен, ауызекі араб және парсы сөздерін білумен жаттығып шығыс ақындарының өлеңдерін жатқа оқумен айналысқан. Себебі, дәстүр бойынша сұлтанның балалары бірнеше шығыс тілдерін үйренуі, яғни «жеті жұрттың тілін білуі» міндет болған. Бұл дәстүр ол кезде әлі сақталып тұрған, сондықтан да Шоқан архив деректерінде көрсетілгендей шығыс тілдерін оқумен айналысып әуелі араб жазуын, кейіннен ұйғыр жазуын да жақсы меңгерген. Шоқанның бала кезінде құмартқан өнерінің бірі - сурет салу болды. Бұл өнерді ол Құсмұрын бекінісіндегі Уәлихановтар үйінде ұзақ уақыт тұрған орыстың суретші-топографтары мен геодезистерінен үйренді. Уәлихановтар ауылында жиі қонақ болған орыс ғалымдары, инженерлер мен білімді офицерлер қабілетті баланы өнер мен әдебиетке құштарландырды. Бұл жас Шоқанның ғылымға қызығушылығын қалыптастыруға әкесі Шыңғыстың және оның алдыңғы қатарлы зиялы орыс қауымы өкілдерімен байланыста болуы көп әсер еткенін байқаймыз.

Солтүстік Қазақстанға ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін келген ғалымдарға Шыңғыс жан-жақты көмектесіп отырған. Сондай-ақ, ол қазақтар туралы жазған: С.Сотниковке, И.И.Ибрагимов пен А.К.Гейнске, А.К.Крохалевке тағы басқа да зерттеушілерге өзінің заңға қатысты және статистикалық мәліметтерімен жиі көмектесіп тұрған. Ғылыми мекемелер мен жекелеген ғалымдардың өтініші бойынша қазақ фольклоры мен этнографиясы жөнінде материалдар жинап М.В.Ладыженскийге, Н.Ф.Костылецкийге, Г.Н.Потанинге, Қазан университеті жанындағы антропология және этнология қоғамына табыс еткен. Сол сияқты Шоқанның ұстазы Н.Ф.Костылецкий 1852 жылы профессор И.Н.Березинге жолдаған хаттарының бірінде: «Сізді бұл тізім Орта жүздің соңғы ханы, Уәлидің баласы, Құсмұрын приказының аға сұлтаны Шыңғыс қайтыс болған таныстарымның біріне табыс еткен «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» халық поэмасының мазмұнымен таныстырғым келеді»- деп көрсетеді [3].

Шыңғысты орыс ғылымы мен ағарту ісінің қазақ даласындағы жақтаушысы ретінде Мәскеу мен Петербордағы географиялық және антропологиялық қоғамдары мүшелері жақсы білген. Тіпті Ресей Орта Азияны қосып алғаннан кейінгі кезеңде Мәскеуде ұйымдастырылған өнеркәсіп көрмесінде қазақтардың өмірінен алынған сирек кездесетін этнографиялық жәдігерлерінен көп деректер бергені анықталған. Оның этнографиялық коллекциялары В.Григорьевтің өтініші бойынша жинаған жекелеген заттары бүгінде Петербордың, Мәскеу мен Гамбургтың музейлерінде сақтаулы [4].

Академик А.И.Шренк, Сібір қазақтарының облыстық басқармасында қызмет істеген декабристер С.М.Семенов, В.И.Штейнгель, Н.В.Басаргин, Қазан университетінің түлектері С.Сотников, Н.Ф.Костылецкий, Т.Сейфуллин сынды жоғары білімді азаматтар да Шыңғыс ауылында болған. Қазақстанды зерттеп жүрген орыс ғалымдары үшін түрлі материалдар жинап оларды дайындауға Шыңғыс ұлы Шоқанды жиі қатыстырып отырған. Шоқанның көмегімен қазақ әндері мен аңыздарын жаздырып, оларды Омбыға жіберіп отырған [5]. Шоқан ауылда жүрген кезінде шығыс классиктері өлеңдерін оқудан бас көтермей, шығыс поэзиясына деген сүйіспеншілігін өмір бойы сақтап қалады. Бұл Шоқанның білімге деген құштарлығын барған сайын күшейтті. «Шоқан ақынжанды және шы-ғыстық кейіптегі адам еді» - деп жазды Шоқанның жақын досы, белгілі публицист Н.М.Ядренцев [6].

1847 жылдың күзінде 12 жасар Шоқанды әкесі Омбыдағы Сібір кадет корпусына оқуға түсіреді. Сібір кадет корпусы 1845 жылы Сібір казактарының әскери училищесі негізінде құрылған сол кездегі ең жақсы оқу орны болып саналған. Омбы қаласы ауылдан келген қабілетті балаға қатты әсер етті. Ол зор сүйіспеншілікпен қала көріністерін қарындашпен қағаз бетіне түсіреді. Бұл жөнінде: «Орыстың қаласы баланы таңқалдырып, ол қарындашпен қала көріністерінің бірін салды» - деп еске алады Г.Н.Потанин [7].

Аталған оқу орнында аса көрнекті қоғамдық және әскери қайраткерлер, ғалымдар мен публицистер тәрбиеленіп шықты. Омбы кадет корпусында аса көрнекті саяхатшы, сондай-ақ, Сібір, Қазақстан, Монғолия мен Орталық Азия зерттеушісі Г.Н.Потанин де оқыған. Шоқанның өмірі XIX ғасырдағы Қазақстан мен Сібір халықтарын зерттеуші, орыс қоғамдық ойшылдары көрнекті өкілдерінің бірі публицист - Н.М.Ядринцевтің, атақты ғалым, статист және публицист - Н.Ф.Анненскийдің есімдерімен де тығыз байланысты. Кадет корпусындағы оқуы Шоқан Уәлихановтың да ғалым болып қалыптасуына игі ықпал тигізді. Кадет корпусы жан-жақты және жалпы білім беретін оқу орны болды. Корпустың оқу бағдарламаларында орыс, француз және

неміс тілдері оқытылды. Оған қоса корпуста шығыс тілдерінің арнайы сыныбы да болды. Онда түрік, монғол, араб, парсы тілдері сонымен қатар қазақ, татар, шағатай тілдері де оқытылды [8].

Оқу бағдарламасын аяқтағанда шәкірттер бұл тілдерді тәп-тәуір игеріп, еркін сөйлеп, түсінісе алатын. Бастауыш сыныптардан-ақ, кадетте Ежелгі заман тарихын, Еуропа географиясын өтті. Төртінші және бесінші сыныптарда Әдебиет теориясы, Орыс және Батыс Еуропа әдебиетінің тарихы, Ресей империясының тарихы мен географиясы оқытылды. Географияға пән ретінде этнография мен антропология, адамзат нәсілдерін зерттеу, тілдерді топтастыру, туыстас тілдерді басты топтарға бөлу, халықтарды діни түсініктеріне және өмір салтына қарай бөлу енгізілді. Азия елдерін, Қытайды, Үндістанды, Ауғанстанды, Иранды зерттеуге үлкен маңыз берілді. Мұнда: Азия халықтары, олардың шығу тарихы, діндері, тұрмыс-салты; Қытай империясы, оның жері, құрылымы мен басқарылуы; Қытай билігіндегі және оның қанаты астындағы жерлер, Тұранның географиялық және саяси тұрғыдан бөлінуі; Бұқара, Қоқан, Хиуа хандықтары; Шығыс Үндістан мен Арабия мемлекеттері қаралды [9].

Сонымен қатар Қазақстан географиясына да зор көңіл бөлінді, алайда оның табиғи байлықтарын зерттеп, игеру мақсатында емес, әскери-стратегиялық тұрғыда әскери отарлау тұрғысынан қарастырылды. Онда «Қырғыз даласының шекаралары, жері, жер сипаты, өзендер мен көлдер, судың ерекшеліктері, қатынас жолдары, керуендер жүретін тау жолдары, шүйгін алқаптар, ауа райы және табиғи байлық мәселелері оқытылды. Қырғыздардың саны, тегі, тілі мен діні, бодандықтың басталуы, хандық өкімет билігінің жойылу кезеңі мен Бөкей Ордасының пайда болуы; сол кездегі ордалардың саны, географиялық орналасуы, Бөкей, Орынбор, Сібір қырғыздарын басқару және соңғыларының ішкі құрылымы; Ресейдің Ұлы жүзді қарауына алуы; Қырғыз даласындағы бекініс орындары және станицалар туралы мәселелерін де қамтыды [10]. Омбы кадет корпусында оқытылған көлемді курстардан бұл әдеттегі орта білім оқу орындарынан көш ілгері тұрғанын көрсетеді. Кадет корпусы Ресейдің шет аймақтары зәру жоғары білікті және жан-жақты білімді мамандар даярлауды жүзеге асырды. Оқытушылар мен профессорлар қатарында университеттік білім алған қабілетті педагогтар да көп еді.

«Шоқан кадет корпусына келгенде орыс тілін жақсы білмейтін, алайда сирек кездесетін қабілетінің арқасында осы қиыншылықты жеңіп шықты» - деп көрсетеді Г.Н.Потанин [11]. Екі-үш жыл өткеннен кейін-ақ, Шоқан өз сыныбының алды болып қана қоймай, ерекше зеректігімен жоғары сынып оқушыларын да басып озған. Шоқанның жан-жақты дамуына Қазан университеті шығыс факультетінің түлегі кадет корпусында орыс әдебиетінен сабақ берген әдебиетші және шығыстанушы Н.Ф.Костылецкий (1818-1867) мен жер аударылған ғалым өркениеттер тарихынан сабақ берген П.В.Гонсевскиймен қатар Н.Г.Чернышевскийдің идеяларын жақтаушы әдебиетші П.В.Лободовскийлер көп ықпал етті [12]. Омбы қаласында Н.Ф.Костылецкийдің қолында Обаған өлкесінде Шоқанның өзі қағаз бетіне түсіріп кейіннен өзі табыс еткен белгілі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бірнеше үлгісі мен қазақ халқы поэзиясынан жинақталған қолжазбалар, бұл әдеби байланысты жандандыра түсті [13].

Қазақ халқы әдебиетінің қазынасын ғылыми ортада таралуына ықпал ету үшін Н.Ф.Костылецкий бұл материалды Петерборға, профессор И.Н.Березинге жібергені туралы мәліметтер бүгінгі күнге дейін ғалымның мұрағат қорында сақтаулы [14]. Н.Ф.Костылецкий болашағынан зор үміт күттірген жас ғалым Шоқанның ең жақсы ұстазы болды. Ғалымдар біраз жылдар бойы бірге қазақтың халық эпосын зерттеумен аса зор сүйіспеншілікпен шұғылданғанын байқаймыз. Олардың бұл саладағы жұмысы жемісті әрі нәтижелі болды. Тұңғыш рет «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» поэмасының ежелгі нұсқасын орыс тіліне аударғаны соған дәлел бола алады. 1852 жылдан бастап Н.Ф.Костылецкий арқылы Шоқан мен И.Н.Березиннің арасында достық байланыс орнады. И.Н.Березинге хан жарлықтарында кездесетін кейбір терминдерді талдап түсіндіру үшін көмек керек болды. Алайда Н.Ф.Костылецкий И.Н.Березинге хатында: «Тоқтамыстың жарлығындағы» талдауға мүлдем келмейтін кейбір сөздер жөнінде бар ықыласыммен көмектесейін-ақ десем де сіздің қасіретіңізді жеңілдетуге шарасыз болып отырмын» - деп жауап қайтарып, оған бұл мәселе туралы Шоқан Уәлихановпен байланысуын өтінеді [15]. Осылайша, И.Н.Березин мен Ш.Уәлихановтың арасындағы хат арқылы достық байланыс орнайды. И.Н.Березинге Ш.Уәлихановтың жазған жауап хаты бүгінге дейін жетіп отыр. Бұл хатында Ш.Уәлиханов И.Н.Березиннің барлық сұрақтарына толық жауап береді [16]. Шоқан Уәлиханов «Тоқтамыстың жарлығындағы» бүгінде татар тілінде қолданылмайтын кейбір сөздердің мағынасын қырғыз тілінен іздестіру жөніндегі сіздің ұсынысыңызды өзімнің бұрын-ғы ұстазым Н.Ф.Костылецкийден естігеннен кейін мен қазақ қарияларынан сұрастыра жүріп, біздің тілімізден бірсыпыра сөздер таптым, оларды сізге жіберуге асық болып отырмын» - деп жазған [17].

Шоқанның дамуына Г.Н.Потанин көрсеткендей оның жеке басының дарындылығы мен кадет корпусында қазақ халқының жалғыз өкілі ретінде оған ерекше назар аударылуы да себеп болды. Шоқан Уәлихановқа тек корпусстың оқытушылары ғана емес, сонымен бірге Омбы зиялыларының кейбір өкілдері де зейін қойды. Шоқан алғашқы оқу жылдарында шығыстанушы Сотниковтың отбасында болып, кейін сурет пәнінің оқытушысы Померанцевтің үйіне барып тұрды. Корпустағы оқудың соңғы жылдарында ол білімді офицер К.К.Гутковскийдің отбасында жиі қонақта болып тұрған. Осындай байланыстар мен таныстықтардың арқасында Ш.Уәлихановтың кемелденуі, ғылымға деген құлшынысы таныстық шеңбері әдетте кадет корпусының шеңберінен әрі аспайтын құрбы-құрдастарына қарағанда тез және жоғары болғанын байқауға болады. «Оның кемелденуіне, және оның жалпы тағдырына Гутковскийдің және оның туысы Капустиндер отбасының маңызы зор болды - деп жазды Г.Н.Потанин [18]. Н.Ф.Костылецкийден кейін Ш.Уәлихановтың ой-өрісінің кеңеюіне ықпал жасаған педагог, тарих пәнінің оқытушысы, ғылыми қызметке дайындалып жүрген аса білімді ұстазы - Гонсевский болды. Ол корпуста қоғамдық қозғалыстар тарихы жөнінде дәріс оқыды және оның дәрістері біздер үшін өте маңызды болды» - дейді Г.Н.Потанин [19]. Шоқан корпуста оқып жүргенде-ақ, буржуазиялық қоғамда шынайы қалпында көрсетілген философиялық трактаттар мен әлеуметтік жағдайларды терең зерттеді. В.Г.Белинский мен А.И.Герценнің әшкерелеуші мақалалары, Н.В.Гогольдің ащы мысқылы жас Шоқанға қатты әсер ететін. Шоқан философиялық танымын көбінесе В.Г.Белинский, А.И.Герцен, кейінірек Н.Г.Чернышевский мен Н.А.Добролюбов сынды ұлы орыс ойшылдарының шығармалары арқылы жетілдіріп отырды. Сонымен бірге Шоқанға А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовтың поэзиясы ерекше әсер етіп, ол ұлы ақындардың өлеңдерін жатқа білді. Шоқан Батыс Еуропа жазушыларынан Ж.Ж.Руссоның, Ч.Диккенстің, У.Теккерейдің еңбектерін бар зейінімен оқыды.

Шоқан Уәлиханов жазғы демалыс кездерінде ауылы Сырымбетке баратын. Бұл сапарлары оған үлкен ләззат алумен қатар туған халқының өмірімен етене танысып, халық аузынан өлең-жырлар, аңыз-ертегілер жазып алуға, ауылдың тұрмыс-тіршілігі көріністерін суретке салу арқылы бейнелеуіне мүмкіндік берді. Туған елімен қатар Шығыс елдерін зерттеуге деген қызығушылық Шоқанның бойында кадет корпусында оқып жүрген кезінде пайда болған. Оның арманы «Белгісіз Азия» даласына ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу болды. «Корпус оқытушылары Шоқан-болашақ зерттеуші-ғалым деп таныған тұсында ол небәрі 14-15 жаста болатын» - деген еді Г.Н.Потанин [20].

Шоқан Омбыда оқып жүріп табылуы аса қиын, сирек басылымға жататын тарихи-географиялық әдебиеттерді құлшына да қызыға оқыған. «Шоқан нағыз плебейлік ортаға түсті. Плебейлік ортада өмір сүру - Шоқанның демократиялық идеяларының қалыптасуына, сірә әсер етпей тұра алмаған болуы керек» - деген Г.Н.Потаниннің [21] пікіріне сүйенсек, Шоқан Уәлихановтың ағартушылық идеялары мен демократиялық көзқарастары кадет корпусында оқып жүрген кезінде-ақ қалыптасқандығына көз жеткізуге болады. Ш.Уәлихановтың білімдарлығын, ғылымға деген талпынысын, әсіресе, шығыс әдебиеті саласындағы білімпаздығын белгілі ғалымдар: С.Ф.Дуров, П.П.Семенов Тянь-Шаньский, Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцев сол кездің өзінде-ақ жоғары бағаланған. Сонымен қатар Шоқан Уәлиханов 1853 жылы небары 18 жасында Сібір кадет корпусында өз замандастарынан өресі анағұрлым биік азаматтар қатарында оқып, жан-жақты терең білім алып аяқтайды да, корнет атағына ие болады [22].

Жас Шоқанды өз заманының алдыңғы қатарлы адамдары, кадет корпусының маңдайалды оқытушылары білімге, ғылымға талпындырып, оның ағартушылық идеялары мен демократиялық көзқарастарының қалыптасуына ықпал етіп, көмегін берген деген қорытындыға келеміз.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Б.Е.Комеков, Ш.Уәлиханов Көптомдық шығармалар жинағы, I том. Алматы. 2010. 6.б.
2. Семенов Тянь-Шаньский П.П. Путешествие в Тянь-Шань, мемуары, Т.II. М., 1946, с.54.
3. Архив Потанина Г.Н., НБТГУ, №1296, Л. 5349.
4. Шоқан Уәлиханов көп томдық шығармалар жинағы, I том, Алматы, 2010. 14-бет.
5. Архив АН СССР, Ф.23, ОП. 1, д. 17, л. 1-2.
6. Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Уәлиханове. В книге "Сочинение Ч.Ч.Уәлиханова" изд. под ред. Веселовского Н.И., ЗРГООЕ, 1904 г XXIX, СПб., с 16.
7. Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Уәлиханове. С. 6.
8. Усов Ф.Н. "Очерки по истории Сибирского казачьего войска", Омск 1884, с. 44-45
9. ГАОО, Ф. 19, ОП 1.Д. 34,30-43 п. п.
10. ГАОО, Ф. 19, ОП 1.Д. 34, Л. Л. 43-44 .

11. Обручев В.А, Григорий Николаевич Потанин, М-Л., 1947, с. 23.
12. Чернышевский Г.Н. полн. собр. соч., Т.1, М.,1939, с. 26, 64.
13. Письмо Н.Ф. Костылецкого к И.Н.Березину НБГТУ, Архив Потанина Г.Н., 1896.
14. ЛОИВ АН СССР,Ф. 5.
15. Архив Потанина Г.Н. НБТГУ,Л.5348;№129б,ЛЛ,2-4.
16. Шоқан Уәлиханов,Көп томдық шығармалар жинағы,Алматы,2010,24-бет.
17. Центральный государственный исторический архив СССР,Ф.118, Оп.1,Д.469,ЛЛ.10-14.
18. Потанин Г.Н. Чокан Валиханов ЦГАЛИ,Ф.395,оп.1.Д.322,лл 12-17.
19. Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове,С.8
20. Потанин Г.Н..Биографические сведения о Чокане Валиханове.В книге "Сочинение Ч.Ч.Валиханова",изд. под ред. Веселовского Н.И.,ЗРГООЕ,1904 г XXIX,СПб.,с 17.
21. Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове.,С.10
22. Об определении в корнеты Ч.Валиханова.ЦГА РК,Ф.374,ОП.1,Д.2812,ЛЛ.1-5.

List of literature used:

- 1.В. Е. Комеков, Sh.Ualikhanov collection of multi-volume Works, Volume I. "No," she said. 2010. 6. p.
2. Semenov Tien-Shansky P. P. journey to the Tien-Shan, memoirs, Vol. II. Moscow, 1946, P. 54.
- 3.Potanina G. N. Archive, NBTGU, No. 129b, L. 5349.
4. Chokan Valikhanov collection of multi-volume Works, Volume I,Almaty, 2010. p.14.
5. archive of the USSR, F. 23, OP. 1, D. 17, L, 1-2.
6. Potanin G. N..Biographical information about Chokan Valikhanov. In the book "connection of ch.ch.Valikhanova"from. "no," I said. Veselovsky N. I., ZRGOOE, 1904 G XXIX, SPB., C 16.
7. Potanin G. N. biographical information about Chokan Valikhanov. P. 6.
8. Usov F. N. "essays on the history of the Siberian Cossack war", Omsk 1884, pp. 44-85
9. GAO, F. 19, OP 1. D. 34,30-43 p.p.
10. GAOO, F. 19, OP 1. D. 34, L. L. 43-44 .
11. Obruchev V. A., Grigory Nikolaevich Potanin M. L., 1947, p. 23.
12. Chernyshevsky G. N. poln. sobriety. Soch., Vol. 1, Moscow, 1939, pp. 26, 64.
13. Pismo N. F. Kostyletsky to I. N. Berezin of NBGTU, Potanina G. N. Archive, 1896.
14. LOIV AN USSR, F. 5.
15. Archive Potanina G. N. NBTGU, L. 5348; No. 129b,II,2-4.
16. Shokan Ualikhanov,collection of multi-volume works,Almaty,2010, p.24.
17. Central State Historical Archive of the USSR, Vol.118, op.1, D. 469, LL.10-14.
18. Potanin G. N. Chokan Valikhanov TSGALI, P. 395, op.1.p. 322, II 12-17.
19. Potanin G. N. biographical stories about Chokan Valikhanov, P. 8
20. Potanin G. N..Biographical information about Chokan Valikhanov.In the book "connection of ch.ch.Valikhanov", from. "no," I said. Veselovsky N. I., ZRGOOE,1904 G XXIX, SPB., C 17.
21. Potanin G. N. biographical stories about Chokan Valikhanov., P. 10
- 22.on the determination of the cornets of Ch.Valikhanov.TSGA RK, P.374, OP.1, D. 2812, LL.1-5.